

**Сүттіқұдық ауылдық округінің 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы
Жаңақорған ауданы мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы №326 шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2025 жылғы 25 сәуірдегі № 364 шешімі

Жаңақорған ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Сүттіқұдық ауылдық округінің 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы" Жаңақорған ауданы мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы №326 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Сүттіқұдық ауылдық округінің 2025 - 2027 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2025 жылға мынадай көлемде бекітілсін :

1) кірістер –141 784 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 9 208 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 32 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттердің түсімі – 132 544 мың теңге;

2) шығындар – 146 878 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 ;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0 ;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 ;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -5 094 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 5 094 мың теңге."

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданы мәслихатының төрағасы

Ғ. Жарқынбек

Жаңақорған ауданы мәслихатының

2025 жылғы 25 сәуірдегі

№ 364 шешіміне қосымша

Жаңақорған ауданы мәслихатының

Сүтгікұдық ауылдық округінің 2025 жылға арналған бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
			I. КІРІСТЕР	141 784
1			Салықтық түсімдер	9 208
	01		Табыс салығы	2 416
		2	Жеке табыс салығы	2 416
	04		Меншікке салынатын салықтар	6 792
		1	Мүлікке салынатын салықтар	265
		3	Жер салығы	387
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	5 989
		5	Бірыңғай жер салығы	151
2			Салықтық емес түсімдер	32
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін салықтық емес түсімдер	32
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	32
4			Трансферттердің түсімдері	132 544
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	132 544
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	132 544
Фнкционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			

		Бағдарлама		Сомасы, мың теңге
			Атауы	
			II. ШЫҒЫНДАР	146 878
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қыметтер	50 625
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	50 625
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	50 625
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	71 070
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	71 070
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	51 272
		009	Елді мекендерді санитариямен қамтамасыз ету	2 580
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	17 218
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	25 083
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	24 778
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	24 778
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	305
			Жергілікті деңгейде д е н е шынықтыру-сауықт	

		028	ыру және спорттық іс-шараларды өткізу	305
15			Трансферттер	100
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	100
		048	Пайдаланылмаған(т о л ы қ пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	100
			3. Таза бюджеттік кредит беру	0
			4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-5 094
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	(5 094
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	5 094
	01		Бюджет қаражатының қалдығы	5 094
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	5 094
		2	Есепті кезең соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары	0,8